

**КЕНЖЕҒАЛИ САҒАДИЕВ
АТЫНДАҒЫ
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БИЗНЕС
УНИВЕРСИТЕТІ**



**УНИВЕРСИТЕТ
МЕЖДУНАРОДНОГО БИЗНЕСА
ИМЕНИ КЕНЖЕҒАЛИ
САҒАДИЕВА**

**Кенжеғали Сағадиев атындағы
ХБУ-дың Ғылыми Кеңесімен
БЕКІТІЛДІ
30.05.25 жылғы № 16 хаттама
Төраға А.М. Махметова**

АКАДЕМИЯЛЫҚ АДАЛДЫҚ

КОДЕКСІ

**«КЕНЖЕҒАЛИ САҒАДИЕВ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БИЗНЕС
УНИВЕРСИТЕТІ» ЖШС**

6 БАСЫЛЫМ

Бекітілген күннен бастап қолданысқа енгізілді

Алматы, 2025

МАЗМҰНЫ

Құжат паспорты.....	3
Келісім парағы.....	4
1. Мақсаты және қолдану саласы	6
2. Нормативті сілтемелер.....	6
3. Жалпы ережелер	7
4. Академиялық адалдық қағидалары	7
5. Академиялық адалдықты бұзу түрлері	9
6. Білім беру процесіне қатысушылардың құқықтары мен міндеттері	11
7. Жауапкершілік	11
Қорытынды	12

Құжат паспорты

Құжат түрі	Нормативтік-анықтамалық құжаттама кодексі
Құжат атауы	Академиялық адалдық кодексі
Құжат мақсаты	Білім беру процесінің барлық субъектілері арасында адалдық орнатуды және ашық қарым-қатынастарды қалыптастыруды, университетте академиялық адалдық қағидаттары мен талаптарын сақтауды реттейді
Әзірлеу	Сапаны қамтамасыз ету орталығы (СҚО)
Келісу	Бағыттар бойынша проректорлар Ғылыми-зерттеу жұмысы бойынша директор БББФ деканы Graduate School of Business директоры АМД директоры Кафедра меңгерушілері Сапаны қамтамасыз ету орталығының басшысы ДЧРД директоры ЗКҚД директоры
Бекіту	ХБУ ҒК
Құжатты орындаушы	Әкімшілік, Декан, кафедра меңгерушілері, ПОҚ, қызметкерлер, оқу-көмекші персонал және білім алушылар
Құжатқа қосымша	жоқ
Нормативті сілтемелер	- Қазақстан Республикасының «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 Заңы <i>(өзгерістермен және толықтырулармен)</i>; ҚР Білім және ғылым министрінің 20.04.2011 жылғы № 152 бұйрығымен бекітілген Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидалары <i>(өзгерістермен және толықтырулармен)</i>. Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары. ҚР БҒМ 30.10.2018 жылғы № 595 бұйрығы <i>(өзгертулер және толықтырулармен)</i>. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 27 шілдеде № 28916 нөмірмен тіркелді. <i>(өзгертулер және толықтырулармен)</i>. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі №152 бұйрығымен бекітілген Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру Қағидалары <i>(өзгертулер және толықтырулармен)</i>.
Түпнұсқа иесі	Сапаны қамтамасыз ету орталығы (СҚО)

Келісім парағы

Ереже келісілді:

Ғылым бойынша проректор
К.О. Нургалиева _____
«__» _____ 2025 ж.

Цифрландыру бойынша проректор
Н.Б. Жаксылық _____
«__» _____ 2025 ж.

АМД директоры
Ж.Е. Садыкова _____
«__» _____ 2025 ж.

Сапаны қамтамасыз ету орталығының
басшысы
К. Т. Кабдесов _____
«__» _____ 2025 ж.

Базалық Білім Беру Факультетінің деканы
Г.А. Садыров _____
«__» _____ 2025 ж.

Graduate School of Business директоры
А. Кадирбергенова _____
«__» _____ 2025 ж.

«Бизнес информатика» кафедрасының
меңгерушісі
С.Б. Кенжегулова _____
«__» _____ 2025 ж.

«Менеджмент және бизнес» кафедрасының
меңгерушісі
Н.А. Алиева _____
«__» _____ 2025 ж.

«Қаржы және Есеп» кафедрасының
меңгерушісі
Н.К. Зайтенова _____
«__» _____ 2025 ж.

«Әлеуметтік-гуманитарлы ғылымдар»
кафедрасының меңгерушісі
Ш. К. Абеуова _____
«__» _____ 2025 ж.

Туризм және қонақжайлылық
кафедрасының меңгерушісі
Л.С. Нусупова _____
«__» _____ 2025 ж.

Тілдер орталығының директоры
Ш. Ә. Әбділдә _____
«__» _____ 2025 ж.

ДЧРиД директоры
Ю.В. Киселева _____
«__» _____ 2025 ж.

ЗКҚД директоры
А.К. Алибекова _____
«__» _____ 2025 ж.

Әзірленді және рәсімделді:

СҚО Project менеджері
Р.М. Дузбаева _____
«__» _____ 2025 ж.

1. Мақсаты және қолданылу саласы

1.1. Осы кодекс «Кенжеғали Сағадиев атындағы Халықаралық бизнес университеті» ЖШС-де (бұдан әрі – Университет немесе ХБУ) білім беру процесінің барлық субъектілері арасында адалдық орнатуды және ашық өзара қарым-қатынастарды қалыптастыруды, академиялық адалдық қағидаттары мен талаптарын сақтауды реттейді.

2. Нормативті сілтемелер

Халықаралық бизнес университетінің (ХБУ) Академиялық адалдық кодексі мынадай нормативтік құжаттар негізінде әзірленді:

2.1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 Заңы *(өзгертулер және толықтырулармен)*;

2.2. Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары. ҚР БҒМ 30.10.2018 жылғы № 595 бұйрығы *(өзгертулер және толықтырулармен)*.

2.3 Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 27 шілдеде № 28916 нөмірмен тіркелді *(өзгертулер және толықтырулармен)*.

2.4. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі №152 бұйрығымен бекітілген Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру Қағидалары *(өзгертулер және толықтырулармен)*.

2.5 ХБУ академиялық саясаты.

2.6 ХБУ Ғылыми Комитетінің этикалық комиссиясы туралы ереже.

3. Жалпы ережелер

3.1. *Осы Кодекстің мақсаты* – білім беру үдерісінің барлық субъектілері арасындағы адал әрі ашық өзара қарым-қатынастарды орнату және академиялық адалдықтың қағидаттары мен талаптарын сақтау.

3.2. *Академиялық адалдық* – бұл білім беру қызметін жүзеге асыру және білім беру бағдарламаларын меңгеру барысында, соның ішінде жазбаша жұмыстарды (курстық, эссе, дипломдық, диссертациялық және өзге де зерттеу жұмыстарын) орындау кезінде, білімді бақылау барысында жауап беру кезінде, өз ұстанымын білдіруде, білім беру үдерісіне қатысушылар арасындағы өзара қатынастарда, сондай-ақ бағалау рәсімі кезінде сақталуға тиіс мінез-құлықтың жалпыға міндетті нормаларын айқындайтын құндылықтар мен қағидаттардың жиынтығы.

3.3. *Білім беру үдерісінің қатысушылары* – білім алушылар, профессор-оқытушылар құрамы, әкімшілік-басқару және оқу-көмекші персонал.

3.4. Академиялық адалдық қағидаты Университеттің құндылықтар жүйесінде мета-қағидатқа айналуы тиіс, бұл қойылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізуге мүмкіндік береді.

4. Академиялық адалдық қағидалары

4.1 ХБУ-дағы академиялық адалдықтың негізгі қағидаттары мыналар болып табылады:

1. академиялық жұмыста адалдық пен өзара құрметті қалыптастыратын негізгі институционалдық құндылық ретінде академиялық адалдықты қамтамасыз ету;

2. жоғары этикалық құндылықтарды қалыптастыруға бағытталған, әділ және объективті академиялық адалдық қағидаларын бекіту;

3. білім алушының басқа білім беру ұйымдарының расталған транскрипттері негізінде кредиттерін қайта есептеудің айқын тетігі мен рәсімін анықтау арқылы оның оқуын дәйекті және үздіксіз траекторияда қамтамасыз ету;

4. академиялық мәдениеттің қалыптасуына ықпал ететін тәлімгер ретінде оқытушының білім алушыларға құрмет көрсетуі;

5. академиялық адалдықты ілгерілеткені және қорғағаны үшін білім беру үдерісінің қатысушыларын қолдау және ынталандыру;

6. оқытушының пән бойынша тәртіп саясатын, білім алушыдан күтілетін талаптарды нақты айқындауы;

7. оқытушының білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың нақты параметрлерін белгілеуі;

8. білім алушыларға білім беру, әлеуметтік және психологиялық қолдау көрсететін және академиялық адалдыққа қайшы әрекеттердің алдын алуға мүмкіндік беретін академиялық ортаны қалыптастыру.

4.2. Білім беру үдерісіне қатысушылардың академиялық адалдықтың негізгі қағидаттары болып мыналар табылады: адалдық, әділдік, сенім, білім беру үдерісі субъектілерінің құқықтары мен бостандықтарын құрметтеу, жауапкершілік, заңдылық.

4.2.1 Адалдық – студенттердің академиялық және зерттеушілік сипаттағы бағаланатын және бағаланбайтын жұмыстарды адал әрі ұқыпты орындауы.

4.2.2 Автордың және оның құқық иелерінің құқықтарын, зияткерлік меншік саласындағы өзге де құқықтарды сақтау және қорғау – бағаланатын жұмыстарда өзгенің сөзін, ойларын дұрыс жеткізу және ақпарат көздерін көрсету арқылы авторлық құқық объектілері болып табылатын еңбектердің авторлығын мойындау және оларды қорғау.

4.2.3 Білім алушылардың құқықтары мен бостандықтарын құрметтеу – білім алушылардың пікірлерін және идеяларын еркін білдіру құқығы.

4.2.4 Теңдік – әрбір білім алушының, профессор-оқытушылар құрамының және әкімшілік-басқару персоналының академиялық адалдық ережелерін сақтау міндеті және оларды бұзғаны үшін теңдей жауапкершілік.

4.2.5 Шынайылық – кез келген жағдайда алдаудан, жалған сөйлеуден және құжаттарды қолдан жасаудан бас тарту.

4.2.6 Нақтылық – шындыққа сәйкес келетін мәліметтерді ұсыну, фактдерге, эмпирикалық деректерге және объективті пайымдарға негізделген ғылыми тұжырымдарды қалыптастыру.

4.2.7 Жауапкершілік – академиялық адалдық саясатын ұстану және академиялық адалдықты бұзуға әкелуі мүмкін жағдайлардан аулақ болу.

4.2.8 Объективтілік – шешімді алдын ала қалыптасқан теріс көзқарассыз, жеке субъективті пікірсіз, тек объективті деректер негізінде қабылдау.

4.2.9 Әділеттілік – Университеттің академиялық қауымдастығы мүшелерінің құқықтары мен міндеттерін мүлтіксіз сақтау, сондай-ақ академиялық адалдық бұзушылықтарын әділ қарастыру.

4.2.10 Академиялық адалдықты бұзушылықтарға төзімсіздік – әрбір академиялық адалдық бұзушылығын тіркеу және қарастыру, сондай-ақ осы Кодекске сәйкес оны жасаған тұлғаларға шара қолдану.

4.2.11 Ашықтық – білім алушылар мен оқытушылар арасындағы өзара сенім, ақпараттар мен идеялар алмасудың ашық түрде жүзеге асырылуы.

5. Академиялық адалдықты бұзу түрлері

5.1. Академиялық заңсыз мінез-құлық – оқу орны саясатын қасақана бұзу: бағаларды қолдан жасау; себепсіз сабақтан қалу, кешігу және оқу сабақтарын өткізіп алу; сабақ барысында ұялы телефонды, музыка тыңдауға арналған өзге техникаларды немесе компьютерлік ойындарды пайдалану.

5.2. Көшіру – бір жұмысты әртүрлі бағалау түрлері мен талаптары аясында қайтадан тапсыру, сондай-ақ бұрын басқа білім алушы, түлек немесе бұрын оқыған тұлға бағалау үшін ұсынған жұмысты өзінікі ретінде, толық немесе ішінара, қайталап ұсынуға әрекет ету.

5.3. Оқытушылардың, қызметкерлердің және білім алушылардың академиялық ақпаратқа заңсыз қол жеткізуі және (немесе) оны таратуы:

- емтихан сұрақтарына дайын жауаптарды беру;
- бағалау кезінде қойылатын сұрақтар туралы білім алушыларды алдын ала хабардар ету;
- тиісті рұқсатсыз бағаланатын жұмыстарға арналған материалдардың толық немесе жартылай нұсқаларын тарату;
- дайын баяндама, эссе, тапсырмалар, ғылыми жұмыстар, жарияланымдар және басқа да академиялық жұмыстарды сату немесе оларды сатып алуға және/немесе сатуға қандай да бір жолмен көмектесу;
- білім алушыларға беру мақсатында бағаланатын жұмыстардың жауаптарын кез келген жолмен ұрлау, оның ішінде электрондық пошта, компьютер және т.б. арқылы жүктеу;
- «Moodle», «Academo» оқу порталында ағымдық/аралық бақылаудан өту, тапсырмаларды өзге адамның логинін пайдаланып орындау;
- «Moodle», «Academo» оқу порталында ағымдық/аралық бақылаудан өту, тапсырмаларды басқа адамдардың көмегімен орындау.

5.4. Алдау – оқу үдерісін айналып өтіп, тиісті бағалануға лайық интеллектуалдық жұмысты орындамай-ақ баға немесе академиялық артықшылықтар алу мақсатындағы әрекет.

5.4.1. Алдау түрлері:

- қорытынды білім бақылауын өткізу барысында өзін басқа білім алушы ретінде көрсету;
- білімді бақылау рәсімдерінен өту кезінде көшіру және басқа адамдардан көмек сұрау;
- қорытынды білім бақылауы кезінде ақпарат алмасу.

5.5. Плагиат – өзгенің сөздерін, идеяларын, деректерін немесе еңбегін тиісті көрсетілімсіз пайдалану, мысалы: өзгенің жұмысын көшіру, өзгенің пікірлері мен теорияларын өзінікі ретінде көрсету немесе бірлесіп жасалған

жобаны кейін жеке өзінің жұмысы ретінде тапсыру.

5.5.1. Жазбаша жұмысты өзіндік орындамау плагиат болып табылады, яғни жазбаша жұмыста басқа автордың мәтінін қағаз немесе электрондық түрде жарияланған дереккөзден толыққанды дереккөзге сілтемесіз пайдалану, не сілтемелер болған күннің өзінде, алынған материалдың көлемі мен сипаты жұмыстың немесе оның негізгі бөлімдерінің дербес орындалуына күмән тудыратын жағдайлар.

5.5.2. Плагиат екі түрде жүзеге асырылуы мүмкін: – өзгенің мәтінін сөзбе-сөз келтіру; – парафраза – өзгенің мәтініндегі сөздер мен тіркестерді өзгертумен беріп, бірақ алынған мәтіннің мазмұнын өзгертпей баяндау.

5.6. Пара беру – оқытушыларға, сондай-ақ Университет қызметкерлеріне түрлі нысанда сыйақы беру немесе сыйақы бермей-ақ өзге жеке мүдделілік мақсатында әсер ету, сондай-ақ осындай әрекетке итермелеу.

5.7. Жасырын сөз байласу – басқа адамға академиялық адалдықты бұзатын әрекетті жасауға көмектесу, мысалы, тест немесе тапсырма алу үшін біреуге ақша төлеу немесе пара беру, біреудің орнына тест тапсыру немесе тапсырма орындау, не біреуге өзінің орнына осылай жасауға мүмкіндік беру. Сондай-ақ жоғары баға алу үшін туыстық немесе қызметтік байланыстарды пайдалану.

5.8. Жасыру – білім алушылардың немесе Университет қызметкерлерінің жұмысты адал орындамауы немесе Кодекс нормаларын сақтамауы туралы ақпаратты айтпай қалдыру және жасырын ұстау.

5.9. Көшіру – білім алушының жазбаша жұмысты орындауда, емтихан тапсыру барысында көмек алуға әрекет жасауы, соның ішінде шпаргалкаларды, электрондық немесе өзге құралдарды қолдану, сондай-ақ оқытушының (емтихан алушының) рұқсатынсыз ауызша көмек алу.

5.10. Бұрмалау – кез келген ақпаратты қасақана бұрмалау немесе ойдан шығару, мысалы: зерттеулерді қолдан жасау, деректерді ойдан құрастыру немесе асыра көрсету, не дұрыс емес немесе жалған дереккөздерді көрсету.

6. Білім беру процесіне қатысушылардың құқықтары мен міндеттері

6.1. Білім беру қатысушыларының құқықтары:

- осы Кодекспен танысуға;
- білім беру үдерісінде өз пікірін еркін білдіруге;
- Академиялық адалдық кодексінің талаптарын бұзды деген негізсіз айыптаулардан заңда көзделген барлық тәсілдермен қорғалуға.

6.2. Білім беру үдерісінің қатысушыларының міндеттері:

6.2.1. Білім алушы:

- оқуға және білімді бақылаудың барлық түрлеріне адал қарауға, қабылданған оқу стандарттарын сақтауға;
- сапалы және бәсекеге қабілетті білім алуға қайшы келетін академиялық адалдықты бұзудың барлық түрлерімен күресуге;
- оқу тапсырмаларын және ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындауда академиялық адалдықты мүлтіксіз сақтауға міндетті.

6.2.2. Университеттің профессор-оқытушылар құрамы:

- терең әрі берік білімге ие болуға және оларды білім алушыларға жеткізудің барлық инновациялық тәсілдерін меңгеруге, өз жұмысында ұстанымдық пен құрмет көрсетуге, студенттің мәртебесін мойындауға, Академиялық адалдық кодексінің негізгі талаптарын сақтауда жеке жауапкершілігін арттыруға;
- студенттердің білімін бағалауда тәуелсіздік және объективтілік қағидаттарын ұстануға;
- білімді адал ізденіс негізінде зерттеу және ғылыми қызметті белсенді жүргізуге, нәтижелерді хабарлау кезінде дәлелділікті, бейтараптылықты және адалдықты қамтамасыз етуге;
- студенттерді интеллектуалдық адалдыққа үйретуге;
- адалдық пен мәдениеттің, жоғары мораль мен адамгершіліктің және отансүйгіштіктің үлгісі болуға, кез келген сыбайлас жемқорлық, тәртіпсіздік және жауапсыздық көріністерінің принципті қарсыласы болуға;
- пікірлер көптүрлілігіне төзімділік пен құрмет танытуға, сонымен қатар өз көзқарасын қорғай білуге;
- осы Кодексте белгіленген талаптарды бұзу мүмкіндігін үдерісінің болдырмауға және алдын алуға міндетті.

7. Жауапкершілік

7.1. Академиялық адалдық Кодексінің ережелерін бұзғаны үшін университеттің білім беру процесінің барлық субъектілері жауап береді.

7.1.1. Білім алушыға қолданылатын жауапкершілік түрлері:

1) ауызша ескерту:

- бұзушылықтар туралы дипломға транскриптке (қосымшаға) енгізу туралы;

- университеттен шығару туралы.

2) жұмыстың және/немесе қойылған бағаның күшін жою;

3) бағаланатын жұмыстарды, оның ішінде курстық, дипломдық, диссертациялық жұмыстарды қорғауға жібермеу;

4) бұзушылықтар туралы дипломға транскриптке (қосымшаға) жазба енгізу;

5) университеттен шығару.

7.2. ПОҚ мен университет қызметкерлерінің академиялық адалдық кодексін бұзуы ҚР еңбек заңнамасында көзделген тәртіптік жазаға алып келеді.

7.3. Университет басшылығы, бөлімше басшылары академиялық адалдықтың көріну фактілерін анықтауға және алдын алуға жауапты

7.4. Уәкілетті тұлғалардың қалауы бойынша Кодекс ережелерін бұзушыға қатысты жауапкершіліктің бірнеше түрі қолданылуы мүмкін.

Қорытынды

Осы Кодексті университеттің білім беру процесінің барлық субъектілері – әкімшілік, ПОҚ, қызметкерлер, білім алушылар, олардың заңды өкілдері осы Кодекстің мәтінін ХБУ Ғылыми кеңесінің отырысында бекіткен кезден бастап орындауға міндетті.